



ӨЗБЕКІСТАН ТУРИЗМІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ТАЛДАНУЫ

Dr. Nurzhan ABISHOV*

Aizhan ABISHOVA*

АННОТАЦИЯ

Нарықтық жағдайындағы туристік бизнестің дамуы рекреациялық ресурстарды, капиталды, технологияны және кадрларды талап етеді. Туризм Орта Азия аймағында ғана емес, сонымен қатар Европа мен Азия арасында дамиды деп күтілуде, бұл Дүниежүзілік туризмге жаңа ресурстардың пайда болғандығын көрсетеді. Өзбекстанға келген туристтерді көршілес Қазақстанның Түркістан қаласына тартуды іске асыру үшін, алдымен сол елдің туризм саласындағы жетістіктері мен туризм салаларының дамуын білудің маңызы үлкен. Осы себептенде бұл мақалада Өзбекстан Респуликасының туристік-рекреациондық ресурстарының дамуына талдау жасалады.

Тақырыптың негізгі мақсаты мен міндеті: Өзбекстанның табиғи-рекреациялық ресурстарын, оларды пайдалануын, туризмнің ел экономикасындағы алатын орнын, теориялық даму негіздерін зерттеу болып табылады. Туристік рекреациялық ресурстарына байланысты туристік аудандастыру арқылы зерттеу үшін келесі міндеттерді қарастырдық: 1) Өзбекстанның рекреациондық ресурстарын, оның табиғи рекреациялық нысандарының мүмкіншіліктерін және оларды туризм саласын дамытуда пайдалану; 2) Өзбекстанның табиғи рекреациондық мүмкіндіктерін пайдаланып туризм дамуының негізгі тенденцияларын үйрену; 3) Өзбекстанның туризм дамытудағы келешек бағыттары. Зерттеу объектісі: Өзбекстанның туристік-рекреациондық ресурстары.

Түйін сөздер: Өзбекістан туризмі, анализ, турист тарту, статистикалық талдау.

ÖZBEKİSTAN TURİZMİN MEVCUT DURUMUNUN ANALİZ EDİLMESİ

ÖZ

Piyasa durumunda turizmin gelişmesi rekreasyon kaynaklarını, sermaye, teknoloji ve uzman personelin geliştirilmesini talep etmektedir. Özbekistan turizmi ancak Orta Asya'da değil, aynı zamanda Avrupa ve Asya arasında gelişeceği tahmin edilmektedir. Bu da Dünya turizmde yeni kaynakların ortaya çıktığını anlatmaktadır. Makale yazarın asıl amacı Özbekistan'a gelen yabancı turistleri komşu Kazakistan'ın Türkistan şehrine de çekmektir. Onun için, önce bu ülkenin turizm alanındaki başarılarını ve turizm sektörünün gelişimini anlamak önemlidir. Bu sebeple makalede Özbekistan Cumhuriyetinin turistik kaynaklarının gelişimi analiz edilmiştir.

Konunun temel amacı: Özbekistan'ın doğal ve rekreasyonel kaynaklarını, onların kullanımını, ülke ekonomisindeki turizmin rolünü, turizm istatistiği, teorik geliştirme temellerini araştırmaktır. Araştırmada aşağıdaki hedefler dikkate alındı: 1) Özbekistan'ın turistik kaynakları, onların doğal, dinlenme tesislerin kapasitesini ve bunların turizm gelişiminde kullanılması; 2) Özbekistan'ın doğal rekreasyon olanaklarını kullanarak turizm gelişmesinin temel eğilimlerini öğrenmek; 3) Özbekistan turizm gelişiminin gelecek yönleri.

Anahtar Kelimeler: Özbekistan turizmi, analiz etme, turist çekme, istatistik analiz.

Кіпісне

«Рекреация» сөзі поляктың regreacia – демалу, латынның recreation күш

* Ahmet Yesevi Uluslararası Türk Kazak Üniversitesi, Turizm ve İşletme Bölümü, nurabish777@mail.ru

* M.Auyezov Güney Kazakistan Devlet Üniversitesi, Ekonomi Teorisi Bölümü, m.auyezov@mail.ru

жинау деген сөздерінен шыққан. Рекреациялық ресурс – тынығу қорлары, табиғи (теңіз жағалауы, өзен жағасы, ормандар) және антропогендік (тарихи-архитектуралық көрікті жерлер) қорлар болып бөлінеді. Халықтың тынығуы мен бұхаралық туризм мақсатында арнайы бөлініп, көріктендірілген территория. Халықтың көп бөлігі танымдық функцияға көп көңіл бөледі. Себебі, таным психологиялық күш-қуатты қалпына келтірудің ерекше бір формасы. Танымдық функция туристің сол аудандағы табиғатына, тарихи мәдениетіне, этнографиясына, шаруашылық жағдайына байланысты сезімі оянады. Табиғи климаттық ерекшелігіне қолайлы климаттық жағдай, желсіз ауа, орман, тау, теңіз, көл, өзен, табиғи үңгірлердің сұлулық пейзажын жатқызуға болады (Kim 1997: 368).

Рекреациялық ресурстар:

1. Табиғи (рельеф, орография), сулары (гидрография), климаты, флорасы, фаунасы.

2. Өлеуметтік экономикалық (мәдени-тарихи, этнографиялық, өндірістік, шаруашылықтық, саяси т.б.

3. Түнгі демалу орындар базасы: турбазалар, отельдер, мотельдер, кемпингтер, демалыс үйлері, санаторилер, профилакторилер, жекеменшік пәтерлер т.б.)

4. Тамақтану базасы: гастрономдық мекемелер ресторан, кафе, бар, асхана, буфеттер және т.б. сауда орталықтары – дүкендер (Kazanskaya, Morfenin: 1976: 271),.

Туристік инфрақұрылым, оның менеджментін жақсарту саласына келімді-кетімді адамдарды сапалы азық түлікпен дәмді тағаммен қамтамасыз ету де жатады. Табиғи және мәдени орталықтардың тағы бір ерекшеліктері - олардың таулы аймақтарға, өзен - көл жағалауларына жақын орналасуы. Сол себептен көрікті табиғатын, саяхатшылық өнерін, балық аулау кәсібін этнографиялық жақтан өзірлеу де туристік индустрияның табыс көзі болмақ (Kuskov, Ponukalina, Odincova 2003: 328).

Өзбекстан Республикасының табиғи ресурстарына жалпы сипаттама

Өзбекстан Республикасы Орта Азия аймағының оңтүстігінде орналасқан табиғаты әсем де көрікті, жері байлыққа толы мемлекет болып, оның жер көлемі 447,4 мың км², халқының саны 26 млн адам, астанасы Ташкент. Ол Орта Азияның орталығында жайласып солтүстігі мен солтүстік батысында Қазақстан мен оңтүстік батысында Түркменстанмен, шығысында Қырғызстан, Тәжікстан, Оңтүстігінде Ауғаныстанмен шекараласады.

Өзбекстан биосфераның экологиялық қорларының бірі рекреацион ландшафт зоналарына ие болып, олар негізінен таулы және тау алды аймақтарында орналасқан. Бұл жерлерде Ферғана ойпатында, Ташкент маңы,

Самарқанд облысында көптеген физиотерапиялық және санатория-курорттық демалыс орындары бар.

Н.А.Семашка атындағы медициналық реабилитация және физиотерапия ғылыми зерттеу-институты көптеген жылдар бойы, әртүрлі аурулардың алдын алу, емдеу тәсілдерін жеке зерттеу үшін республиканың курорттық ресурстарын үйренумен айналысады. Қазіргі уақытта республиканың 100ден астам орындары зерттеліп демалыс – емдеу орындары , 300 ден астам минерал бұлақтардың 150 емдік қасиеттері зерттеліп пайдалануға ұсыныс жасалды (Aleksandrova 1998: 348).

Кесте 1. Өзбекстан Республикасында рекреация ресурстарының пайдалану барысы.

Өзбекстан субъектлері	Жоғары дәрежеде	Орташа дәрежеде	Төменгі дәрежеде
Қарақалпақстан Республикасы			+
Андижан ауданы			+
Бухара ауданы	+		
Жиззах ауданы		+	
Қашқадария Ауданы		+	
Науайы ауданы			+
Наманган ауданы		+	
Сырдария ауданы			+
Сурхандария Ауданы			+
Самарқанд ауданы	+		
Ташкент ауданы		+	
Ферғана ауданы		+	
Хорезм ауданы	+		
Ташкент ауданы	+		
Ескерту: Халқаро туризм бозари (Kamilova 2007)			

Өзбекстан Республикасында туристік қызметтердің қалыптасуы мен дамуы, мемлекеттегі туристік потенциалмен байланысты. Туристік потенциал дегеніміз белгілі бір аймақтың табиғи, мәдени-тарихи және әлеуметтік-экономикалық жағдайларының жиынтығы. Туристік потенциал туризмді

ұйымдастыруға, туристік қызметтерді тұтынушыларға ұсыну негіздерін жасауға, туристік өнімді рынокқа шығаруға және оны өндеуге жағдай жасайды. Сондықтан да туристік қызметтер рыногының дамуы мен оның өсуі аймақтық объектінің туристік потенциалына байланысты.

Біздің ойымызша, Өзбекстанда туризм индустриясының қарқынды дамымауының себептерінің бірі, туризм саласын экономика саласының бір бөлігі ретінде мемлекет тарапынан қарастырылмауы. Туризмнің аймақтық комплекстік ұйымдастырылуында болжамдарға, ұзақ мерзімді жоспарларға назар аударылмайды.

Өзбекістан туристік ресурстарының қазіргі даму жағдайын талдау

Туристік бизнес туралы сөз қозғағанда, біз оның бұрынғы дәстүрлі сипаты жойылып бара жатқанын ескеруімізге болады. Әлемдегі туристік тенденцияны байқасақ, экологиялық, орнитологиялық, флористикалық, ботаникалық, экзотикалық шытырманды оқиғалық туризмге көңіл қоятындар қатары артып келеді.

Өзбекстан туризм саласында дүниежүзілік тәжірибені ғалымдар болжамын ескере отырып, туристік бизнесін жедел дамытуға күш салуы тиіс. Жалпы мәдени-тарихи, табиғи байланыстар халықтың мәдениетін, мемлекет азаматтарының ой-өрісін көрсетеді. Тарихи мұрағаттар да, туристік бизнес те болашаққа қызмет етеді, стратегиялық идеяларды жүзеге асыруға тартылар көпір болады.

Қазіргі күнде Өзбекстанда 9(тоғыз) қорық жұмыс істейді. Соның ішінде ең негізгі ескі Шатқал қорығы 1947жылдан бері республикаға танылып қана қоймастан, сонымен бірге Орталық Азияға танымал болып табылады. Бұл қорықта флора мен фаунаның көптеген түрлері сақталынып қалған. Қолайсыз экологиялық жағдайда биосфераның кейбір түрлерін сақтап қалу оларды көбейту құтқару үлкен мәселе болуда. Сондықтан жерімізде қорғалатын аумақтар пайда болды. Сонымен, кейінгі жылдарда көптеген елдерде осындай қорғалатын аймақтарды рекреациялық ресурс ретінде пайдаланып зертеу және туризмде пайдалану жолға қойылған.

Рекреация кешендерін орналастыруда, жайластыруда, жобалауда ландшафттарға анализ жасау жақсы нәтиже береді. Бұнда әр түрлі ландшафтларды рекреациялық мақсаттарда пайдалану дәрежесіне қарай ең қолайлы ландшафт түрі таңдап алынады. Бұл экологиялық қалаларды орталықты кескін өзгертіп, халықтың ден саулығына әсер етеді.

Сондықтан, сол жердің рекреация ауданын дамыту үшін, мәдени тұрмыс және аудан тарихы тұрмыс жағдайы, аймақтық рекреация системаларды дамытуда бұларға қайсы туризм ресурстары, туризм қызметін істеп шығу және транспорт структурасы, рекламаны жолға қойғандылығы, ауданның тұрмыс дәрежесі кіреді. Өзіне қаратыушы тұрғындар нысанды рекреация әлеміне

қызықтырады, аймақтық туризм нарық шекарасын анықтайды. Бұндай топтасу өткізуінде туризмнің аймақтық қасиеттерін белгілейді және жәрдем береді.

Өзбекстанның аймақтары бойынша туристік-рекреациялық аудандардың қазіргі жағдайына талдау жасау

Табиғат және оның әр түрлі ғимараттар объектлері тарихи естеліктер нысанға рухани күш беруші қайталанбас болып саналады.

Экологиялық жағынан тарихи , мәдени және туристік маңызға ие болған табиғи объектлерді сақтап қалу және оларды қорғау ең қолайлы түрі, мемлекеттің табиғи- тарихи мұраларды сақтау болып табылады.

Қазіргі кезде Туркия, Араб мемлекеттеріне, Қытай, Үндістан, Сингапур, Индонезия, Батыс Европа мемлекеттеріне және де АҚШ та ашылған сапар жолдары арқылы отанымыздың пұхаралы түрлі саяхат сапарларына барып келмекте.

Сондай-ақ Өзбекстанның 1500-2000 жылдық тарихы бар ежелгі Бұхара, Самарқанд, Хиуа, Шахрисабз, Қаршы, қалаларының ашық аспан астындағы өзіне тән музейлері бар. Олар мемлекеттің көп әсірлік тарихын өз ішіне қамтып алған.

Өзбекстандағы негізгі туристік орталықтармен қызмет көрсету сфералары төмендегі ірі қалаларда орналасқан (Rekreasionnaya Geografiya 2003: 347).

Ташкент қаласы. Ежелгі Ташкент қаласы б.д. дейнгі II ғасырда қытай жазба деректерінде Ұлы жібек жолында орналасқан Шаш қаласы деп көрсетеді VIII-XI ғасырларда қала Бинкент деп аталған. Ескі тарихи архетектуралық ескерткіштерден Шейхантахур ансамблі болып ол үш мавзолейден Юнус-Хана (XV ғ.), Шейхантура (XV-XIX ғғ.), Калдиргач-Бия (XV ғ) және қалада он екі қырлы күмбезді Зайнутдин-Бобо мавзолейі (XVI ғ), Суфи-Ота мавзолейі (XVI ғ) Хазрати-Имам архетектуралық ансамбльнен (XVI ғ) тұрады. Сонымен бірге қазіргі дини ғибадат орындары Кукельдаш медресесі (XIV ғ.), Абдул-Касым-Эшон медресесі (XVI-XIX ғғ.), ансамбль Хаст-Имам ансамбліменен (*Хасту-Имом*) Барак-Хан медресесі мен бірге (XVI-XVII ғғ., негізі XV ғ. қаланған)

Ташкент және облыстары – Бұл негізгі іскерлік, коммерциялық және ойын-сауық орталығы. Халықаралық конференциялар, көргізбелер қатысушылары мен бизнесмендерге маманданған. Елдің негізгі тау шаңғысы орталығы. Чимган Елдің басқа бөліктерін айналып шығу үшін база ретінде қазмет етеді.

Самарқанд –Зарафшан өзенінің бойында жайласып дүниедегі ежелгі қалалардың бірі болып, ол Вавилон және Рим қалаларының замандасы. ҚалаҰллы жібек жолында жайласып ол қала жайындағы мағлуматтар б.д.1 мыныңшы жылдары авеста жазбаларында, Согдиана елінің астанасы Марканд деген атпенен кездеседі. Самарканд мәдениетімен архитектурасы күшті дамуы Тимуридлер дәуіріне туры келеді, бұл дәуірде Регистан (Эль-Регистан, XV-XVII ғғ.), Ишрат-Хона мавзолейі (Тимуридтер династиясының әйелдері жатқан кесене, XV ғ.), Улугбека обсерваториясы (1428-1429 гг.), Рухабд мавзолейі (Рухобод, Бурханеддина Сагараджи, кесенесі XIV ғ.), Ходжи Абди-Даруна мавзолейі (X-XVII

вв.), имама Аль-Бухари мавзолеі (IX-XIIIғғ.) Регистан қасында Улугбек медресесі (1417-1420 гг.), Шер-Дор медресесі (1619-1636 гг.) және Тилла-Кори медресесі (1646-1647). салынды. Самарканд бұрыннан бай тарихи-архитектуралық және археологиялық ескерткіштерімен белгілі, назар аударарлық табиғат ескерткіштері, емдік минералды су көздері бар. Зиярат етушілерді, кеңес қатысушыларын қызықтырады, және де елді айналып шығуға көмектеседі.

Бұхара -Орта Азиядағы ежелгі калалардың бірі, бұл жерде 360 мешіт және 80 медресе болып, Бұхараны Ислам дүниесінің жұлдызы депте атайды.Бұхара қаласы 2500 жыл бұрын персия патшаимы Сиявуш қорған ретінде салдырған цитадель болып, ол в Мерв, Ургенч, Кабул и Самарканд калаларының арасында стратегиялық орында тұрғандықтан тез дами бастады. Қазіргі қала көркі негізі Шейбаниттер және Аштарханитер дәуірінде (XVI-XVIIғғ.), көптеген мешіттер медреселер, карван сарайлар үлкен архетектуралық ансамбльдер салынған .

Ферғана – Ферғана ойпаттығы бұл ең көрікті райондардың бірі болып,

оазис-территориясы 22000кв. км, халқының саны 7млн адам. Қоршап тұрған Тянь-Шан тауы жәнеСырдаря мен Нарын аңғары бұлар мал шаруашылығы, ауыл шаруашылығы үшін ең тиімді орындардың бірі. Ферғана ойпаттығы Андижан, Ферғана, Марғылан, Қоқанд, Шахимардан сияқты көрікті қалаларымен, археологиялық тарихи ескерткіштерімен, танылып отыр.

Қазіргі уақытта әр түрлі табиғи нысандар мен назар аударарлық орындар бар. Спорттық және тау туризмінің орталығы. Емдік минералды су көздері бар. Ферғана жазығының ірі мәдени, ғылыми және өнеркәсіптік қаласы. Республиканың барлық ірі қалалары бір-бірімен автомобиль, темір жол әуе траспортымен байланыстырылған.

Қазіргі күнге дейін сақталып қалған өлкедегі жәдігерлер Мыср,Үндістан, Греция және Рим жәдігерлеріне теңдесе алады. Әр бір тарихи қала, экскурсия объекті өзіне тән тарихи археологиялық қала құрылыстарына ұқсас, архитектуралық өнер ескерткіштеріне йе. Тарихи ескерткіштер ескі ғимараттарды, ескілік бұйымдарын және тым тарихи оқиғаларды, үлкен құрылыс пен байланысты болған жерлерді өз ішіне алады.

Сонымен аймақтағы курорттық санаторийлік ірі емдеу орталықтарына тоқтап кетсек.

Өзбекстанда қазіргі таңдағы халықаралық туризмнің даму жолдары

Халықаралық туризм – көп мемлекеттердің табыс көзіне айналды және ұлттық экономиканың өсімі. Жоғары дамыған Швейцария,Австрия Франция сияқты мемлекеттер өздерінің көп үлесін туризм табысынан жақсы қалаған. Соңғы жылдарда кейбір мемлекеттерде болып жатқан экономикалық дағдарыс және де террористік ұйымдар себебінен турист экспорттаушы мемлекеттер болған АҚШ, Германия, Жапониядан шет елге шығыушы туристер саны 1,3% ке кемеіген. Көптеген елдерде жалпы ұлттық өнімнің бестен бір бөлігінен жартысына дейінгі мөлшері туризмнің үлесіне тиеді. Дүние жүзіндегі барлық жұмыс күшінің 60%-ы туризм саласында қызмет етеді. Туризм мемлекеттің төлем балансына

салымдарды көбейтеді, әлемдік шаруашылық салаларын дамытады, туризммен қатар жүретін: халық тұтынатын тауарларды өндіру, сауда, құрылыс, көлік, сақтандыру және т.б. Жылдан-жылға туристік өнеркәсіпке қызығушы салалардың саны артып келеді (USAISD 2005: 17).

Туризм өнеркәсібінде барлығы аймақтың ерекшелігі мен ондағы туристік ресурстарға байланысты. Сондықтан кластердің құрамы мен оның дамуына жасалған жағдайлар мен іс-шаралар анықталуы керек, ең алдымен, әр туристік аймақтың өз деңгейінде. Ол туризмді дамытудың жергілікті бағдарламаларына жасалған негізді пікірлердің сол облыстарды қолданылуы, онда туризм экономиканың басты саласы болып табылады.

Сондықтан, Өзбекстанның туристік саласының экспорттық потенциалын толық қамтамасыз ету үшін тек қана ұлттық емес, сонымен қатар аймақтық деңгейде іс-шараларды қолдану керек. Өзбекстанда туризмнің даму мүмкіншіліктері әр түрлі және әр аймақ өзіне тән ерекшелікке ие. Осыны біз берілген жобадан анықтықтауға тырысамыз, және бұл жобаның мақсаты болып табылады (Kamilova 2007: 248)..

Өзбекстан Республикасының туристік-рекреациялық жүйесін жетілдіру мәселелерін талдауда статистикалық мәліметтерге назар аудару қажет (Кесте 2).

Кесте 2. Өзбекстанға келген туристтер саны

Жыл	Шетелден келген қонақтар саны, мың адам	Оның ішінде туристік мақсатта, мың адам
2003	222,0	5,190
2004	225,5	40,9
2005	240,0	92,02
2006	440,3	173,9
2007	484,2	252,9
2008	550,2	272,0
2009	549,7	274,0
2010	750,8	278,0
2011	1200,9	431,4
2012	1900,0	517,0
2013	2028,0	567,0
2014	1938,0	585,0

Ескерту: Өзбекстанға келген туристтер саны
(<https://www.gazeta.uz/2015/07/06/foreigners/>)

Осылайша, 2003 – 2014 жылдар арасындағы туризм саласы бойынша кіру туризмінің өсу параметрлері осы көрсеткіштерді көрсетеді. Туристердің саны 2013 жылы, 2003 жылмен салыстырғанда 913%-ға өскен, соның ішінде шет елдіктер – 1001%-ға, яғни 101 есе. 2013 жыл Өзбекстанға келген туристтер саны бойынша рекордтық көрсеткіш болып бекітілген болатын.

2013 жылы Өзбекстанға келген туристер саны 2028,0 мың адам болса, 2014 жылы бұл көрсеткіш 90,0 мыңға дейін төмендеп кетті. Бұған дағдарыс себепті деп тұжырымдама жасауға болады. Туризмнен түскен қаражат 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда төмендеп кетті (Кесте 3).

Кесте 3. Шетел туристтерінен түскен табыс

Жыл	Шетелден келген қонақтарға қызмет көрсетуден түскен жалпы табыс, млн АҚШ доллары
2003	21,0
2004	21,5
2005	22,5
2006	40,3
2007	46,2
2008	52,2
2009	53,7
2010	70,8
2011	105,9
2012	170,0
2013	185,0
2014	180,0

Ескерту: Шетел туристтерінен түскен табыс
(www.gazeta.uz/2014/01/28/tourism)

2003 жылы Өзбекстанға 222 мың турист келіп, туризмнен түскен табыс 21 млн АҚШ долларын құраған болса, бұл көрсеткіш 2013 жылы 185 млн АҚШ долларын құраған.

Келесі жылы шетелден келетін туристтер саны 30 мыңға көбейп, туризмнен түсетін табыс тағы 2 млн-ға ұлғаяды деп жоспарлануда.

Дегенімен, бұл көрсеткіш дүниежүзі туризммен салыстырғанда (500-550 млрд. АҚШ доллары) теңіздегі тамшы ғана болады. Мәселен, АҚШ-тың өзін жылына 45 млрд., ал Туркия болса 20 млрд. АҚШ долларын табуда. Европа елдері болса жылына 16-50 млрд. АҚШ долларын табуда. Европа елдерінің ішінде ең жоғары табыс табатын көшбасшылар Франция, Ұлыбритания, Италия,

Германия болып табылады, тіпті Ресейдің өзі жылына 8,5 млрд. АҚШ долларын, ал Украина 6,5 млрд. АҚШ долларын табуда.

Кесте 4. Туристік кәсіпорындар саны

	2013	2014	2015
Жалпы саны	900	1110	1279
Оның ішінде:	500	610	731
Саяхат агенттіктері мен туроператорлар саны			
Қонақ үйлер саны	400	500	548
Ескерту: Туристік кәсіпорындар саны (www.uzembassy.ru/03.02.16.htm)			

Туристік кәсіпорындар саны 2015 жылы, 2013 жылмен салыстырғанда 42,0%-ға өскен. Оның ішінде: Саяхат агенттіктері мен туроператорлар саны 2015 жылы, 2013 жылмен салыстырғанда 46,0%-ға өскен. Қонақ үйлер саны болса 2015 жылы, 2013 жылмен салыстырғанда 37,0%-ға өскен.

Зерттеу жұмыстарын жүргізгенде сандық және сапалық әдістер қолданылды. Туризмнің даму тенденцияларын айқындау үшін тур объектілерге келушілер саны сияқты абсолютті көрсеткіштерді қолданамыз, тур қызметтердің жалпы көлемі, қонақ үйлердің көптігі, келуші туристер саны, соңғы 5 жылда туризмнен түскен қаржы кірістерінің көлемі. Сәйкес көрсеткіштер динамика ретінде, бұл көрсеткіштердің бұрынғылармен салыстырғандағы өсу көрсеткіштері және басқалары, олардың құрылымдық өзгерістерінің көрсеткіштері қолданылады. Көрнекілік ретінде график, сурет, таблицалар көрсетіледі. Әр түрлі жақтардың маңыздылығы мен ықпалдылығы анықталған. Түрлі жақтарды қызықтыру жобасы әзірленген, ол әр топтың қызығушылығы мен ықпалдылығының қызығушылығынан туған. Оның орындалуына біз мына мәліметтерді ұсынамыз:

Туристік инфрақұрылымның статистикалық көрсеткіштері (ескерткіштер, ғимараттар, туристік қонақ үй кешендерінің эксплуатациясы)

Шет елден келуші туристерден түскен қаражат жөніндегі статистикалық көрсеткіштер.

Барлық қызығушы жақтарға анкеталық сауалнама жүргізу.

Өзбекстанда саяхатшылықты дамыту халықаралық маңызға ие болған сала болып табылады. Өзбекстан ауданының үлкен қалаларында және олардың маңында өз алдына дем алу орындары пайда болған. Бұл жерлердің ғажайып табиғат естеліктері, көшелері, таулары, тоғайлары және басқада ландшафт түрлері туризмді дамытуға мүмкіндіктер тудырады.

Қорытынды

Жұмыстың сонында төмендегі қорытындылар анықталды:

1. Өзбекстан Республикасында туристік қызметтердің қалыптасуы мен дамуы, мемлекеттегі туристік потенциалмен байланысты. Туристік потенциал дегеніміз белгілі бір аймақтың табиғи, мәдени-тарихи және әлеуметтік-экономикалық жағдайларының жиынтығы. Туристік потенциал туризмді ұйымдастыруға, туристік қызметтерді тұтынушыларға ұсыну негіздерін жасауға, туристік өнімді рынокқа шығаруға және оны өңдеуге жағдай жасайды. Сондықтан да туристік қызметтер рыногының дамуы мен оның өсуі аймақтық объектінің туристік потенциалына байланысты. Өзбекстанда туризм индустриясының қарқынды дамымауының себептерінің бірі, туризм саласын экономика саласының бір бөлігі ретінде мемлекет тарапынан қарастырылмауы.

2. рекреация ауданын дамыту үшін, мәдени тұрмыс және аудан тарихы тұрмыс жағдайы, аймақтық рекреация системаларды дамытуда бұларға қайсы туризм ресурстары, туризм қызметін істеп шығу және транспорт структурасы, рекламаны жолға қойғандылығы, ауданның тұрмыс дәрежесі кіреді. Өзіне қаратушы тұрғындар нысанды рекреация әлеміне қызықтырады, аймақтық туризм нарық шекарасын анықтайды. Бұндай топтасу өткізуінде туризмнің аймақтық қасиеттерін белгілейді және жәрдем береді.

3. Рекреациялық көз қарастан үлкен мүмкіндіктерге ие болған Өзбекстан территориясы халқының демалу, емделу, туризм қызметіне талабы тым үлкен болуына қарамастан рекреациялық мақсаттары кем үйретілген. Адамның өмірге деген көз-қарасы жақсыланып тұрмыс тәрізді баруы олардың бос уақыттарын көбейтеді. Бұл нысанда рекреациялық жағдайларына болған қызығуын асырады.

4. Өзбекстан республикасында туризм өнеркәсібінде барлығы аймақтың ерекшелігі мен ондағы туристік ресурстарға байланысты. Сондықтан кластердің құрамы мен оның дамуына жасалған жағдайлар мен іс-шаралар анықталуы керек, ең алдымен, әр туристік аймақтың өз деңгейінде. Ол туризмді дамытудың жергілікті бағдарламаларына жасалған негізгі пікірлердің сол облыстарды қолданылуы, онда туризм экономиканың басты саласы болып табылады.

Өзбекстанның туристік саласының экспорттық потенциалын толық қамтамасыз ету үшін тек қана ұлттық емес, сонымен қатар аймақтық деңгейде іс-шараларды қолдану керек. Өзбекстанда туризмнің даму мүмкіншіліктері әр түрлі және әр аймақ өзіне тән ерекшелікке ие. Осыны біз берілген дипломдық жұмыста анықтықтауға тырыстық. Өзбекстанда саяхатшылықты дамыту халықаралық маңызға ие болған сала болып табылады.

Сонымен, Өзбекстан Республикасында туризмді дамыту үшін қойылған проблемаларды орындау мақсатқа алынып отыр. Бұл мәселелер дұрыс қарастырылса экономикалық проблемаларды шешуде маңызды роль ойнайды.

5. Өзбекстанның бұрынғы тарихи естеліктердің барлығы және олардың республикамызда инфраструктуралы құрлымдары жақсы жолға қойылған, үлкен қалаларда жайласқандығы аймақтық рекреация дүйелерінің ішінде сол туризмді дамыту үшін тым қолайлы. Сонымен, осы тармақты туризмді келешекте дамыту

Ўзбекистанның халқының мәдениетін көрсету және мемлекет экономикасын көтеруге керекті сала болып табылады.

6. Сырт ел саяхатшыларының санын көбейту және мемлекетіміздің халықаралық туристік орталық ретінде танылуында Өзбекстанға сырттан келуші туристерге кездесетін шегара, бажыхана, визалар және басқа проблемаларын шешу және де туризмді дамытудың негізін қалаушы шарттардың бірі оны туристер үшін қауіпсіздікпен қамтамасыз ету болып табылады. Өзбек туризмінің әлемдік туристік нарыққа шығуы бұл ұлттық тур өнімнің тартымдылығын елеулі арттыруға әкеледі. Республика бойлап өткен Ұллы жібек жолы рекламасы арқылы да іске асыруға болады. Зертлеулер бойынша бүгінгі таңда ең жалпыласқан саяхатшылық маршруттары Ташкент-Самарқанд-Ургеніш-Ташкент, Ташкент-Самарқанд-Шахрисабз-Бухара-Ургеніш-Ташкент есептеледі.

Осы менен біргелікте, Өзбекстанда туризм саласын дамыту үшін жеке меншік туризм ұйымдарының жұмысын күшейту, саяхатшылық тарауы бойынша мамандарды дайындауды көбейтіп, халықаралық тәжірибелерді үйренуді тездестіріу керек болады.

Қорытындылап айтқанда Өзбекстанның Қазақстанмен тарихы, географиялық жайласуы жақын және тілі-діні бір мемлекеттер болғандықтан туризм саласын біргелікте, әсіресе трансшегаралық аймақтарда дамыту үлкен жетіскендіктерге алып келері анық.

ADEBIETTER

KIM A.G., (1997), *Rekreacionnaya ocenka territorii i razvitie turistsko-rekreacionnogo hozyaistva Kazahstana*. Almatı: Rauan

KAZANSKAYA H.F., Morfenin H.H., (1976), *Rekreacionnaya geografiya*, Moskva: Slava.

KUSKOV A.S., Ponukalina A.S., Odincova T.N., (2003), *Rekreacionnaya geografiya*. Saratov: İzdat.

ALEKSANDROVA A.Y., (1998), *Geografiya mirovoi indusrii turizma*, Moskva: İzdat.

USAISD, (2005), *Razvitiye i povisheniye konkorentosposobnosti indusrii turizma Uzbekistana*, Tashkent: Dūnya.

REKREACIONNAYA GEOGRAFIYA, (2003), *Slovar Spravochnik*, Saratov: İstochnik.

KAMILOVA F.K., (2007), *Halkaro turizm bozari*, Toşkent: Ukuv.

MAKSAKOVSKIĪ V.P., (2006), *Geograficheskaya kartina mira*, Moskva: Kniga.

www.gazeta.uz/2014/01/28/tourism

www.gazeta.uz/2015/07/06/foreigners

www.uzembassy.ru/03.02.16.htm

